

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ
140000, Павлодар қаласы
Кривенко көшесі, 25
тел./факс.: 32-21-67



АКИМАТ ГОРОДА
ПАВЛОДАРА
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПАВЛОДАРА
140000, город Павлодар
ул. Кривенко, 25
тел./факс.: 32-21-67

БҰЙРЫҚ

2011ж. « 10 » маусым

№ 1-18/532

ПРИКАЗ

№ 1-18/532

« 10 » июнь 2011г.

Павлодар қаласы 10-ші сынып жасөспірімдеріне арналған қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерін ұйымдастыру қортындысы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы “Алғашқы әскери дайындық туралы” № 449 қаулысын орындау мақсатында Павлодар ауданының “Орман ертегісі” демалыс үйі базасында 2011 жылғы 16-20 мамыр күндері аралығында қорғаныс-спорттық сауықтыру лагері ұйымдастырылды және Павлодар қаласы 10-сынып жасөспірімдерімен 5 күндік оқу-далалық жиыны өткізілді.

Оқу-далалық жиынына барлығы 617 мектеп бітіруші жасөспірім тартылды оның 101-ы қазақ тілінде оқытатын мектептердің оқушылары.

Жасөспірімдердің өмір сүруі, оқып-үйренуі және сабақтарға қатысуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды. Қорғаныс-спорттық сауықтыру лагеріне барардың алдында оқушылар «Өрт қауіпсіздігі Ережесі», «Оқ-дәрілермен, гранаталармен және Юнкер-2 автомат қаруымен оқ ату кезінде өзін-өзі ұстау Ережесі» және «Көліктетерде өз-өзін ұстау Ережесінен» инструктаждан өтті. Жалпы білім беру мектептерінде жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығының және әскери мүліктің сақталуына жауаптылар белгіленген бұйрықтар шығарылды.

ҚССЛ күн тәртібінде таңертең ерте тұру, дене шынықтыру жаттығуларын жасау, тамақтану, оқу сабақтарын жүргізу және спорттық-көпшілік іс-шаралар қатаң сақталды. Оқу-жаттығу жиынын өткізу кезінде жасөспірімдер төрт рет тамақтанды, денсаулықтарын дәрігерлік қадағалануы қамтамасыз етілді. Ішкі қызмет наряды ҚССЛ аумағында, асханада, жатын орындарында санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалап отырды. Лагерь аумағының ішкі шекарасы мен лагерьге кіріп-шығу пунктін (КПП) үш мезгілдік қарауыл наряды күзетті. Лагерь бойынша кезекші мен ҚССЛ штабының өкілдері ішкі қызмет атқаруға бақылау жасады.

Алғашқы әскери дайындық бағдарламасы толық орындалып, «жақсы» деген баға алды. Оқушылармен ҚР Қарлу Күштерінің жарғысы, «Юнкер-2» пневматикалық автоматтан оқ ату, тактикалық, саптық және оқ ату бойынша сабақтар өткізілді. Спорттың әскери – қолданбалы түрі бойынша денешынықтыру-спорттық іс-шаралар өткізілді.

Осылардың барлығы жасөспірімдердің дене бітімінің дамуына, олардың болашақта ҚР ҚК қатарында қызмет атқаруға дайындығына жағдай жасады. Оқу-далалық жиынын өткізу кезеңінде өрескел тәртіп бұзушылық пен дене жарақатын алу деректері тіркелмеді.

Жиын қортындысы бойынша № 1, 5, 6, 9, 17, 19, 20, 21, 24, 26, 29, 33, 36, 39, 41, КОМ (АӘД оқытушы-ұйымдастырушылары: Қ.Ү. Раскелдинов, Қ.Қ. Тасбұлатов, Қ.Т. Иманалиев, Н.Ж. Тасыбаев, Н.Т. Жансүгіров, А.С. Сыздықов, Б.А. Сыздықов, Ю.И. Нижников, В.В. Вайгант, Н.И. Фролов, Н.А. Липин, А.П. Лапин, П.К. Масунов, Т.А. М.М. Шортанбаев, Тәйкебаев) жалпы білім беру мектептерінің оқушылары алғашқы әскери дайындық бойынша үздік нәтижелерге қол жеткізді.

Дене дайындығы бойынша № 9, 16, 17, 19, 26, 36, 41, КОМ мектептерінің оқушылары жоғары көрсеткіш көрсетті. Ал жеке біріншілікте № 9,16, 19, мектептердің оқушыларына тең келер ешкім болған жоқ.

Жоғарыда айтылғандар негізінде

Б Ұ Й Р А М Ы Н :

1. ҚССЛ-ға оқушыларды дайындап, шебер басшылық жасаған үшін **мына мектеп директорларына алғыс жариялансын:** № 9, 19, 21, 24, 26, 29,36, 39, 40,41,КОМ.

2. Оқу-жаттығу жиынына білікті жетекшілік жасап, қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінде әскери тәртіптің сақталуын қамтамасыз еткен үшін қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерінің басшылық құрамы **Павлодар қаласы білім беру бөлімінің грамотасымен марапатталсын:**

- | | |
|--------------------|---------------------------------------|
| - Н.Ж. Тасыбаевқа | № 9 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы; |
| - А.С. Сыздықовқа | № 19 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы; |
| - Б.А. Сыздықовқа | № 21 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы; |
| - В.В.Ваигант | № 26 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы; |
| - Н.А. Липинге | № 36 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы; |
| - А.П. Лапинге | № 39 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы; |
| - Т.А. Тәйкебаевқа | КОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы. |

3. Оқушыларды үйрету және тәрбиелеудегі белсенді жұмысы үшін алғашқы әскери дайындықтың мына оқытушы-ұйымдастырушылары **Павлодар қаласы білім беру бөлімінің грамотасымен марапатталсын:**

- | | |
|-----------------|-------------------------------------|
| Н.Т. Жансүгіров | № 17 ОМ құрама ротасының командирі; |
| А.К. Қайдаров | № 33 ОМ құрама ротасының командирі; |
| Қ.Т. Иаманәлиев | № 6 ОМ |

4. Қала мектеп директорлары дала жиынына барған дене шынықтыру мұғалімдері және алғашқы әскери дайындық жетекшілеріне бес күндік төлем ақылы демалыс берсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі бастығының орынбасары С.Ш. Сейітоваға жүктелсін.

Білім беру бөлімінің бастығы



З.Мұқашева

Орын: Қ.Райысов